

«Бекітемін»
Заң факультетінің деканы
З.Ғ.Д., профессор Байдельдинов Д.Л.
«_____» _____ 2012ж

Емтихан сұрақтары
«Кеден ісін ұйымдастыру» пәні бойынша
Мамандығы – кеден ісі

№	Сұрақтар	Бөлім
1	Кеден құқығына жалпы сипаттама	1-сұрақ
2	Кеден органының лауазымды тұлғасының құқықтық жағдайы	1-сұрақ
3	Кеден құқығының пәні мен тәсілдері	1-сұрақ
4	Кеден органдарындағы қызмет және оның түрлері	1-сұрақ
5	Кеден ісі, оның өрісі, жалпы сипаттамасы	1-сұрақ
6	Кеден құқығының қағидалары	1-сұрақ
7	Кеден саясаты, оның түсінігі және құрылмы	1-сұрақ
8	Кеден құқығының пәні.	1-сұрақ
9	Кеден құқығының нормалары	1-сұрақ
10	Кеден шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізудің жалпы ережесі	1-сұрақ
11	Кедендік-құқықтық қатынастар	1-сұрақ
12	Кедендік рәсімдер (жалпы сипаттама)	1-сұрақ
13	Кеден құқығының қайнар көздері	1-сұрақ
14	Кеден қоймасы режимі	1-сұрақ
15	ҚР кеден кодексіне жалпы сипаттама	1-сұрақ
16	Еркін кедендік аймақ және еркін қойма режимі	1-сұрақ
17	Тарифтік емес реттеу шаралары: түсінігі және түрлері	1-сұрақ
18	Кедендік өткізу пункттері	1-сұрақ
19	Халықаралық кеден құқығының негізі. Еуропалық Кеден Одағы	1-сұрақ
20	Кеден төлемдері және салықтар	1-сұрақ

21	Кеден құқығының құқық жүйесіндегі орны	1-сұрақ
22	Кедендік төлемдер ставкаларының түрлері	1-сұрақ
23	Кеден мәселелері бойынша халықаралық конвенциялар (келісімдер)	1-сұрақ
24	Кеден қоймасының және еркін қойманың жалпы сипаттамасы.	1-сұрақ
25	ҚР кеден органдарының жүйесі	1-сұрақ
26	Алдын ала жасалатын операциялар және алдын ала шешім	1-сұрақ
27	Кеден органдарының функциясы	1-сұрақ
28	Кеден құқығының арнайы қағидалары	1-сұрақ
29	Кеден органына тәуелді мекемелер мен ұйымдар	1-сұрақ
30	Кедендік төлемдерді есептеу тәсілдері	1-сұрақ
31	Тауарларды декларациялаудың түсінігі және түрлері. Кедендік декларацияны берудің мерзімдері.	2-сұрақ
32	Тауарларды декларациялау кезінде құжаттар ұсыну.	2-сұрақ
33	Декларант. Оның құқықтары және міндеттері.	2-сұрақ
34	Транзиттік декларация.	2-сұрақ
35	Тауарларды алдын ала кедендік декларациялау.	2-сұрақ
36	Жеке тұлғалардың кеден шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізуінің тәртібі.	2-сұрақ
37	Кедендік төлемдердің түсінігі және түрлері.	2-сұрақ
38	Кедендік баж: түсінігі, түрлері, төлеу тәртібі мен мерзімдері.	2-сұрақ
39	Кедендік алымдар: түсінігі, түрлері, төлеу тәртібі мен мерзімдері.	2-сұрақ
40	Кедендік төлемдерді есептеу. Тауарлардың кедендік құны.	2-сұрақ
41	Тауарлардың кедендік құнын анықтаудың әдістері.	2-сұрақ
42	Кедендік төлемдерді төлеудің мерзімдері және тәртібі. Кедендік төлемдерді төлеу мерзімдерін өзгерту.	2-сұрақ
43	Кедендік төлемдерді және салықтарды төлеуді камтамасыз ету.	2-сұрақ
44	Артық төленген кедендік төлемдер мен салықтарды қайтару.	2-сұрақ
45	Кедендік төлемдер бойынша жеңілдіктер. Тарифтік преференциялар.	2-сұрақ
46	Кедендік бақылау: түсінгі және түрлері.	2-сұрақ
47	Кедендік бақылау жүргізудің тәртібі.	2-сұрақ
48	Валюталық операциялардың түсінігі және түрлері.	2-сұрақ

49	Шетел валютасымен айырбас операцияларын жүргізудің тәртібі.	2-сұрақ
50	Валюталық құндылықтарды, қолма-қол ұлттық валюталарды, бағалы қағаздарды және төлем қағаздарын әкелу, әкету және жіберу.	2-сұрақ
51	Резиденттер мен резидент еместердің валюталық операциялар бойынша төлемдері мен аударымдары.	2-сұрақ
52	Сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру кезінде құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауаптылық.	2-сұрақ
53	Сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру кезінде құқық бұзушылық үшін қылмыстық жауаптылық.	2-сұрақ
54	Сыртқы экономикалық қызметті реттейтін заң нормаларын бұзғаны үшін лауазымды адамдар мен мемлекеттік органдардың жауаптылығы.	2-сұрақ
55	Кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуге бақылау жасау.	2-сұрақ
56	Сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың кеден саласындағы қызметін тексеру	2-сұрақ
57	Сыртқы экономикалық қызметті халықаралық-құқықтық реттеу.	2-сұрақ
58	Қазіргі замандағы мемлекеттер қауымдастығындағы сыртқы экономикалық қызметтің даму тенденциялары.	2-сұрақ
59	Сыртқы экономикалық қызмет саласындағы мемлекеттердің ынтымақтастығын үйлестіру саласындағы көпжақты әмбебап шарттар.	2-сұрақ
60	ЕврАзЭҚ және өзге де ұйымдар шеңберінде сыртқы экономикалық қызметті реттеу	2-сұрақ
61	Тәжірибелік сұрақ: Кеден органының лауазымды тұлғасы Қайыпбеков А. азаматша Алиасқарова Ботаны контрабандалық тауар өткізуге күдікті ретінде жеке тексеру кедендік бақылауын жүргізу туралы шешім қабылдады. Жеке тексерудің талаптары қандай және тәртібін түсіндіріңіз?	3-сұрақ
62	Тәжірибелік сұрақ: Жеке кәсіпкер А. Кеден қоймасын ашу үшін кеден органына жолданды. Кеден органының лауазымды қызметкері ол үшін оның жеке меншікте үй-жайы болуы керек екендігін түсіндіріп өтінішті қабылдамады. Оның әрекеті заңды ма? Кеден қоймасын құру үшін	3-сұрақ

	қандай талаптар	
63	«Азимут» ЖШС-і шет мемлекеттен тауарлар әкелу кезінде кеден органының тауарға қатысты Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлар номенклатурасын жүргізудің тәртібімен және тауарға берілген жіктеу кодымен келіспеді. Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлар номенклатурасын жүргізудің тәртібін және оның құқықтық негіздерін келтіріңіз.	3-сұрақ
64	Тәжірибелік сұрақ: Азамат Д. Кеден шекарасы арқылы құны 130000 теңгелік зергерлік бұйымдар алып өтпекші болды, оған қарсы Кеден органы контрабанда үшін қылмыстық іс қозғады. Кеден органының әрекеті заңды ма? Кеден заңнамасын бұғаны үшін жауапкершілік, экономикалық контрабанданы саралаңыз.	3-сұрақ
65	Тәжірибелік сұрақ: Жеке тұлға шет елден шыққан жылы 2000 жылғы автокөлік алып келді. Ол өз автокөлігін жеңілдікпен рәсімдеу үшін 2002 жылғы автокөлік деп көрсеткен. Мұндай жағдайда оның жауапкершілігі қандай, жеңілдікпен автокөлікті ҚР-ның аумағына кіргізу мерзімдерін және құқықтық негіздерін беріңіз.	3-сұрақ
66	Тәжірибелік сұрақ: Азамат Түрік Республикасынан Қазақстанға жеке мақсатта деп 5 жұп аяқ киім, 4 былғары тон, 10 костюм алып келді. Оған қатысты кеден органдары кеден заңнамасын бұзғандығы үшін әкімшілік іс қозғады. Жеке тұлғалардың кеден шекарасы арқылы тауарлар алып өтуінің тәртібі және нормалары қандай? Кеден органының әрекеті заңды ма?	3-сұрақ
67	Тәжірибелік сұрақ: Уақытша сақтау қоймасындағы тауарларды жеке кәсіпкер толық кедендік рәсімдеу аяқталмай жатып саудаға шығара бастады. УСҚ-ғы тауарлармен қандай операциялар жасауға болады. УСҚ-ғы тауарларға кедендік бақылау жүргізудің нысандары мен тәртібі туралы айтыңыз	3-сұрақ
68	Тәжірибелік сұрақ: Интеллектуалдық меншік объектісін азамат өзі автор болғандықтан	3-сұрақ

	уәкілетті органның келісімінсіз кеден шекарасынан сыртқа шығармақ болды, оның бұл әрекетін кеден органы заңсыз деп танып іс қозғады. Кеден органдарының интеллектуалдық меншік объектілеріне құқықты қорғауының тәртібін сипаттап беріңіз?	
69	Тәжірибелік сұрақ: Тауарлардың кедендік құнын анықтау кезінде азамат Б. тауардың құнына оның сақтандыру құнын енгізілуіне қарсылық білдірді. Оның әрекеті дұрыс па, Тауарлардың кедендік құнын анықтаудың тәртібі қандай?	3-сұрақ
70	Тәжірибелік сұрақ: Қазақстан Республикасында жеңілдікпен автокөліктер кедендік ресімделіп жатыр. Оның мерзімі және тәртібі қандай? Қазақстан Республикасы кеден заңдарының уақыт жағынан қолданылуының тәжірибелік маңызын ашып беріңіз.	3-сұрақ
71	Тәжірибелік сұрақ: Жеке кәсіпкер кедендік декларацияны тауарды сатып алу бағасы бойынша толтырды. Оның әрекеті дұрыс па, кедендік декларация қандай құжаттардың негізінде толтырылады?	3-сұрақ
72	Тәжірибелік сұрақ: Мұнай экспорттаушы компания экспорттық рента салығын мұнайдың Қазақстан Республикасындағы нарықтық бағамы негізінде есептеп толтырды. Декларация толтыру кезінде қандай баға негізге алынуы тиіс? Компанияның құнды есептеуі салық заңдарына сәйкес келе ме?	3-сұрақ
73	Тәжірибелік сұрақ: «Адал» ЖШС-і 2009 жылы ҚХР-на өзінің құрал жабдықтарын кәсіпкерлік жүргізу үшін алып өтті, алайда 2011 жылы бұл компания кәсіпкерлікті ҚР-да жүргізетін болып, алып өткен тауарын қайта кіргізді. Ол тауарлардың кері импорты режимін пайдалана ала ма және оның шарттары қандай?	3-сұрақ
74	Тәжірибелік сұрақ: Кәсіпкер Д. Қазақстан Республикасына ірі мөлшерде электр құралдарын әкеліп, ол туралы тек екі ай өткен соң кеден	3-сұрақ

	органына мәлімдеді. Тауралар мен көлік құралдарын мәлімдеу тәртібін және мерзімдерін	
75	«Серт» ЖШС-і Қытайдан матаны Қырғыз Республикасына әкеліп әртүрлі киімдер тігеді. Ал ол тауарларды Қазақстанға әкеліп сатады. Мұнда тауарды шығарған ел қай ел болып табылады. Тауарлардың шығарылған елі: оны анықтау және анықтау кезіндегі ерекшеліктерді сипаттаңыз.	3-сұрақ
76	Кеден органдарының шешімдері мен қызмет әрекетіне азаматтардың шағым жасау тәртібін және нысандарын сипаттаңыз	3-сұрақ
77	Тәжірибелік сұрақ: «Нұрай» Өндірістік кооперативі өндірілген тауарлары үшін мемлекеттен жеңілдіктер алып отыр. Мұндай жеңілдіктерді алудың және ұсынудың шарттары қандай?	3-сұрақ
78	Тәжірибелік сұрақ: Тасымалдаушы компания тауарды халықаралық почта қызметін ұйымға өткізіп, ол туралы тауар межелі жеріне жеткенде ғана кеден органына хабарлады. Тауарларлар мен көлік құралдарын кеден Одағының кеден шекарасы арқылы өткізу тәртібі қандай?	3-сұрақ
79	Тәжірибелік сұрақ: Азамат Т. Өзбекстаннан Қазақстанға 2 тонна бақша өнімдерін өткізбек болды. Оған кеден органының қызметкері тауардың құның жалпы тәртіп бойынша есептелетіндігін айтқан. Алайда ол мұнымен келіспейтіндігін, өз тауарын оңйлатылған тәртіппен өткізуге құқылы екендігін мәлімдейді. Оңайлатылған тәртіппен мұндай көлемдегі тауарды ресімдеуге бола ма және оның нормасы	3-сұрақ
80	Тәжірибелік сұрақ: Жеке кәсіпкер шет елден әкелген 10 тонна азық түлік тауарын пайдалану мерзімі өтіп кеткендіктен кедендік сақтау қоймасынан алып кетпейтіндігін және одан мемлекет пайдасына бас тартатындығын мәлімдеді. Ол мұндай кедендік рәсімге тауарын орналастыруға	3-сұрақ
81	Тәжірибелік сұрақ: Кеден ісі саласындағы тарифтік реттеу шарасы ретінде ҚР-нің үкіметі	3-сұрақ

	Қытайдан келетін аяқ киімдерге демпингке қарсы баж енгізді. Кеден ісі саласындағы тарифтік реттеу шарасы демпингке қарсы баж қандай жағдайларда және негіздерде енгізіледі?	
82	Тәжірибелік сұрақ: «НұрИнвестТабыс» Серіктестігі Қазақстанда өндірілмейтін құрал жабдықтарды инвестициялық жоба аясында кедендік жеңілдікпен, яғни баж төлемей ҚР-на әкелді. Кедендік төлемдер бойынша жеңілдіктер қалай және кімдерге беріледі?	3-сұрақ
83	Тәжірибелік сұрақ: Азамат Б. Жеке пайдалануға деп шет елден 15 құты виски, 2000 дана темекі өнімін және 20 кг-ға жуық азық-түлік алып келді, оның бұл әкелген тауарлары жеке тұлғалардың бажсыз тауар алып келу нормасына сәйкес пе? Жеке тұлғалардың жеке тұтынуға тауарлар алып өтуінің нормалары мен көлемі қандай?	3-сұрақ
84	Тәжірибелік сұрақ: Азамат Өзбекстан Республикасынан 8 тонна қауын-қарбыз өнімдерін оңайлатылған тәртәппен алып өту үшін кеден органына мәлімдеді. Жеке тұлғалардың оңайлатылған тәртіпте тауарлар өткізуі тәртібі және мөлшері қандай?	3-сұрақ
85	Тәжірибелік сұрақ: ҚР-ғы шетелдік елшілік қызметкері өзімен бірге жеке тұтытудағы заттарын (5 аяқ киім, 3 сыртқы киім және т.б.), 5 электрондық аспап (әр түрдегі), және 50 келі азық-түлік өнімін алып келді, ол мұндай мөлдерде кедендік салықтар төлемей тауар алып өте алады ма, шетелдік тұлғалардың жекелеген санаттарының тауарларды өткізуінің тәртібін сипаттаңыз?	3-сұрақ
86	Тәжірибелік сұрақ: Азамат К. АҚШ-тан автокөлік алып келіп оны 5 айдан кейін тауарлардың еркін айналысы кедендік рәсіміне орналастыру үшін кеден органына жүгінді. Ол кедендік ресімдеу мерзімін өткізіп алған жоқ па? Кедендік ресімдеу тәртібі және мерзімдерін ашып беріңіз?	3-сұрақ
87	Тәжірибелік сұрақ: Электр энергиясын	3-сұрақ

	экспорттаушы ЖШС айдын басында уақытша декларациялау негізінде Ресейге 20 МВт электр энергиясын шығаратындығын мәлімдеді. Ал ай соңында есеп бойынша 21 МВт шығарғандығы белгілі болды. Оның әрекетінде құқық бұзушылық бар ма? Тауарларды декларациялау тәртібі қандай?	
88	Тәжірибелік сұрақ: Азамат Т. Кеден брокері лицензиясын алу үшін кеден органына жүгінді, оған кеден органы кеден брокері лицензиясын алу үшін 5 мың еуро алым төлеу керек екендігін айтып өтінішін қабылдамады. Кеден органының әрекеті заңды ма? Кеден брокерінің тауарларды декларациялаудағы ролі қандай?	3-сұрақ
89	Тәжірибелік сұрақ: Азамат Д. Кеден органына тауарларды кедендік ресімдеу үшін қазақ тілінде өтініш берді. Алайда оған кедендік ресімдеу бағдарламасының орыс тілінде екендігін айтып, одан өтінішті орыс тілінде беруін өтінді. Кеден органы қызы\меткерінің әрекеті заңды ма, кедендік ресімдеу жүргізілетін тілдің тәжірибелік маңызы қандай?	3-сұрақ
90	Тәжірибелік сұрақ: Азамат 12 мың АҚШ долларын кеден шекарасы арқылы алып өтпек болды. Ол мұндай жағдайда ақшасын декларациялауға міндетті ме? Жолаушылардың тауарларын декларациялаудың ерекшеліктерін сипатаңыз?	3-сұрақ

Факультеттің әдістемелік бюро төрағасы

Асқарова Ә.

Кедендік, қаржылық және экологиялық құқық кафедрасының меңгерушісі, з.ғ.д.:

Жатқанбаева А.Е.

Оқытушы:

Қожабек Қ.М.

